

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 4 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPYU00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

Бас редакторы – главный редактор

Бегентаев М. М.

д.э.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Абибуллаева А.,

д.п.н., профессор

Бурдина Е. И.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

М. Д. Жорокпаева

Семей медицина университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.

**ТІЛДІ МЕҢГЕРТУДЕ ЖАТТЫҒУ
ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

Берілген мақалада білім алушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру үшін, сабақ барысында жаттығу жұмысын орындату негізгі тапсырмалар жүйесі болып табылатыны қарастырылған. Жаттығу жұмысы жазылым әрекетінің бір түрі. Жазылым – ойыңды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу дегенді білдіреді. Яғни жазған ойды, мәліметті, ақпаратты, мәтінді орфографиялық нормада сақтай білу. Сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді өзара дұрыс байланыстыра алып, өз ойын анық жазбаша жаза білуге машықтану. Осы бағытта жаттығу жұмысы тілді меңгеруде қажет үдеріс, алған теориялық білімдерін бекітеді. Сураққа дұрыс жауап беріп, тілдік қарым-қатынасқа еркін түсуге көмектеседі.

Мақалада ғалымдардың жаттығу түрлеріне қатысты айтылған теориялық тұжырымдары, жаттығу жұмысында ескерілетін дидактикалық талаптары аталды. Жаттығу жұмысында жеке, жұптық, топтық, сұхбат, жағдаяттық түрлерімен беруге болатынына зер салынды. Мамандыққа қатысты жаттығу жұмыстарының түрлері ұсынылып, болашақ маман иесінің сыни ойлауына, тілдік құзіреттілігін арттыруына ықпал ететіні көрсетілген. Білім алушының мәдени сөйлеуіне, іскерлік қарым-қатынаста сөйлеу әдебін сақтай білуіне де әсері зор екені аталады.

Кілтті сөздер: сөздер, сөйлем, сұраққа жауап, жағдаяттарды шешу, орындату, деңгей, жаттығу түрлері.

Кіріспе

Жаттығу жұмыстары тіл үйренуші үшін алған теориялық білімді бекітіп, сауатты жазуға дағдыланудың ең басты негізі. Жаттығу жұмыстары туралы ғалымдардың пікіріне тоқталсақ, М. А. Даниловтың айтуы бойынша:

«Упражнение-сознательное многократное выполнение сходных действий, опирающихся на знание, на различном материале, принимаемое с целью овладения умением и навыком [1, 206]. Ал И. Л. Бим тілді оқытуда жаттығу жұмыстарының қызметі туралы «...соответственно упражнения разграничиваются по конечным целевым умениям, точнее «целевым деятельностям» на упражнения в говорении, чтение, аудирование, письмо. Это единственное положение, которое не вызывает возражений при установлении типологии упражнений» деп жаттығу сөйлеу әрекетінің түрлерінің қалыптасу теориясы негізінде сөйкестену қажеттігін айтады [2, 102]. Әдіскер-ғалым И. Д. Салистра

ларын жоғары дәрежеге жеткізу.

тіл үйретуде жаттығу жұмыстарының үш түрін анықтайды. Олар:

Сөйлеуге дейінгі дайындық жаттығулары.

Сөйлеу кезіндегі жаттығулары.

Сөйлеу жаттығулары [3]. Өзге тілді аудиторияда сөйлеу шеберлігін жаттығулар арқылы дамытуға байланысты әдіскер ғалым З. Күзекова былай дейді: «Сөйлеу әрекеті табиғилықпен, шынайы әрекетпен, ситуативтілікпен байланысты. Сөйлеу жаттығулары сөйлеу шеберлігі арқылы көптеген талаптарға жауап беруге тиісті» [4, 148–149].

Зерттеудің нысаны: тілді меңгертуде жаттығу жұмыстарының маңызы.

Зерттеудің пәні: қазақ тілі (орыс дәрісханасы)

Мақсаты: тілді үйретуде жаттығу жұмыстарының түрлерін кеңінен қолдану (жеке, жұптық, топтық, сұхбат, жағдаяттық т.б.).

Міндеттері: Жаттығу жұмыстарын мамандықтарына, грамматикалық тапсырмаларды лексикалық тапсырмалармен байланыстырып беру.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі:

Жаттығу жұмыстарды түрлі әдіс-тәсілдер арқылы беруге болады. Талдау, жинақтау әдістері ұсынылады. Жаттығу жұмыстары туралы белгілі әдіскер-ғалымдардың тұжырымдарына тоқталатын болсақ, Н. И. Гез, Е. И. Пассовтың пікірлері бойынша тілді үйретіп меңгертудің ең тиімді тәсілі – жаттығу. Ойын анық жеткізу қабілеті жаттығу жұмыстарының дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне тікелей байланысты дейді [5]. Ғалымдардың пікірлерін Б. Б. Жахинаның «Тіл дамытуға арналған жаттығулар» атты еңбегіндегі талаптармен көрсетсек:

- 1 Жаттығу мәтінінің оқушының жас ерекшелігіне сай келуі;
- 2 Жаттығу мәтінінің тәрбиелік мәні болуы;
- 3 Жаттығуда берілген тілдік тапсырманың айқындығы;
- 4 Лексикалық тақырыптың грамматикамен байланыстылығы;

5 Лексикалық тақырыптың тіл дамытумен байланыстылығы. Сонымен қатар, жинақталған бұл жаттығу түрлері мақсат пен мазмұнына қарай 3 топқа бөлінеді.

1 Лексикалық тақырыптарды бекіту мен оқушы тілін дамытуға бағытталған тақырыптық жаттығулар;

2 Меңгерілген лексикалық тақырыптарға байланысты оқушылардың өзіндік шығармашылығын ұштауға бағытталған жаттығулар;

3 Лексикадан алған білімін тексеруге бағытталған бақылау жаттығулар.

Бірінші топтағы жаттығулар лексикалық тақырыптарға қатысына қарай бөлінсе, екінші топтағы жаттығуларға ойын жаттығулары, лексикалық перфокарта, лексикалық сызғыш және суретпен жұмыс жатқызылады. Ал, үшінші топтағы жаттығулар қатарына еркін диктант, тілдік тапсырмасы бар мазмұндама, тілдік тапсырмасы бар шығарма топтастырылды [6]. Б. Б. Жахина Чех елінің белгілі ойшылы, педагог Ян Амос Коменский «Ұлы дидактика» еңбегінде атап көрсеткен дидактикалық ұстанымдары бойынша бере отырып, жаттығудың түрлерін анықтап береді. Аталған талаптар мен жаттығу түрлері тілді үйрету оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарында сақталып беріледі. Сөйлеу жаттығу жұмыстары әртүрлі бағытта түрлендіре отырып, білім алушылардың тілге деген қызығушылықтарын арттыруға негізделіп жасалынады. Қазіргі таңдағы жаттығулар көбіне сөйлем құрастыру, сұхбат, әңгіме құрастыру, жағдаяттарды шешу топтық, жұптық жұмыстары арқылы жүргізіледі. Жұппен, топпен орындаған жаттығулар білім алушының тілін дамыта отырып, дағдыны қалыптастыру үдерісінде тіл тазалығын сақтауға, мәдени сөйлеуге, іскерлік қарым-қатынаста сөйлеу әдебін сақтау жолдарын үйретеді. Өзге тілді дәрісханада орфографиялық сауаттылықты арттыруда грамматикалық жаттығуларды білім алушы өзі жеке дара орындаса, оң нәтиже көрсетеді, ал сөйлесімде жұппен, топпен орындатқан дұрыс. Сөйлеген сөздерінде жиі кездесетін кемшіліктерін аңғартқызып, өз қателерін таба алуға оқытушының бағыт-бағдары, ойлау мен сөйлеу дағдыларын жетілдіруде ұтымды болады.

ЖОО жаттығулар жүйесі кәсіби түсініктер мен терминдердің мәні мен мағынасын түсіндіре отырып, тілді мамандыққа сәйкес үйрететін, алған тілдік білімді тәжірибемен ұштастырып, шеберлік пен дағдыны қалыптастыру мақсатында орындалатын жұмыс кешені болып табылады. Жаттығулардың түрлеріне мыналар жатады: машықтандыру жаттығулары; шығармашылық жаттығулар; кәсіби-жағдаяттық жаттығулар. Машықтандыру жаттығулары деп студент үйренген сөздік қорын ұтымды пайдаланып, оны кәсіби тілдік қатынаста шеберлікпен қолданудың амал-тәсілдерін берік меңгеруін қалыптастыру мақсатында орындалатын

жұмысты айтады. Нақты мамандыққа байланысты лексиканы меңгерту үшін, біріншіден, тіл үйренушіге жаңа сөзді қолдануға жағдай туғызу; екіншіден, сөздің мағынасын айқындап, оны дұрыс қолдану амалдарын игерту; үшіншіден, сөздер мен сөз тіркестеріне қатысты грамматикалық ережелерді байланыстыра үйрету; төртіншіден, сөздердің қатысымдық бағыттылығын ескеру керек. Кез келген тақырыпты өту барысында берілген сөздерді мұқият тыңдатып, қайталатқызу арқылы тіл үйренушілер жаңа кәсіби лексиканың айтылуы мен оқылу ерекшеліктерін, тілдесімде дұрыс қолдануға дағдыланады. Әр сабақта үйретілетін жаңа кәсіби лексиканы олар өздерінің жұмыс жағдайында күнделікті қарым-қатынаста белсенді қолдануға үйренеді, кәсіби сөздік қорын байытады. Келесі кезең – жаңа сөздерге түсініктеме беріледі: (Тірек-қимыл жүйесі – қаңқа, бұлшық ет.); одан кейін осы сөзбен бірнеше сөз тіркестері (Тірек-қимыл жүйесі – қаңқа және бұлшық ет.), сөйлем (Тірек-қимыл жүйесі – қаңқа және бұлшық еттен тұрады, адам қозғалыс жасайды.) Осылай термин анықтамасын, сөз тіркесі, сөйлем құрауға дағдыланады. Жаттығу түрлерін шағын сұхбат, мәтін ішінде келесі сабақтарда да қайталанып беріледі. Сөйтіп сөз тіл үйренушінің санасында әбден бекіп, оны кәсіби жағдайда тілдік қатынаста қолдану дағдысы қалыптасады. Сөздіктермен аударма жасау, оларды жадында сақтату аударылған сөздерден сөз тіркестерін, сөз тіркестерінен сөйлем құрастыру жұмыстары үнемі назарда болады [7]. Аталған теориялық негіздемелерге тәжірибелік сабақтарда қолданылатын жаттығу жұмыс түрлерін өте көптеп беріледі. Жаттығу жұмыстарында қолданылатын әдіс-тәсілдердің бірі – талдату, грамматикалық тапсырмаларды бекіту барысында жиі қолданылады. Әсіресе, дауысты, дауыссыз дыбыстар, буын, үндестік заңы, жалғау түрлерін өтетін сабақтарда. Салыстыру әдісі жаттығуларға омонимдік, антонимдік, синонимдік қатарларды таптыру, дұрыс, бұрыс сөйлемдерді таптыру жаттығуларында кеңінен қолданылады. Жинақтау әдісі жаттығуларда қосымша мәліметтерді біріктіртірту, грамматикалық заңдылық пен лексикалық тақырыпты үйлестіріп орындату болып табылады.

Сондай жаттығу жұмыстарының бірі – медициналық оқу орнының білім алушыларына «Адам қаңқасы», «Адам ағзасы», «Нәрестені күту» атты тақырыптарға қатысты төмендегідей жаттығуларды үлгі ретінде ұсынуға болады.

«Адам қаңқасы»

1-жаттығу. «Бас сүйегі. Осы шақ », «Тұлға қаңқасы. Келер шақ», «Жамбас белдеуі. Өткен шақ» болып үш топқа бөлініп сөздерді диаграммаға толтырып, сөйлем құрап, сұрақ құрастырыңыздар.



Сурет 1

Бұл жаттығуды орындау барысында диаграммаға орналастырғанда бас сүйегі, тұлға қаңқасы, жамбас сүйегіне қатысты термин сөздерді қатесіз жазу, бірін-бірімен алмастырып алмау, жүйелікті сақтау жұмысын орындау барысында жауапкершілікпен қарауға, есте сақтауға дағдыланады. Алған теориялық білімдерін, яғни етістіктің осы шақ, келер, шақ, өткен шақ формаларын сөйлем құрау барысында жалғаулардың дұрыс жалғануына мән береді. Топтық жұмыстың бір ерекшелігі бірінің жіберген қателерін екіншісісі түзетіп, түсіндіріп отырады. Сондай-ақ, басқа топқа түсіндіргенде етістік шақ формасының жасалу жолына ерекше мән беріледі.

2-жаттығу. Сүйек атауларын сынық түрлері терминдермен байланыстырып, «Дәрігер мен науқас» арасындағы сұхбат құрастырыңыз.

Үлгі: Қолыңызды қозғалтқанда ауыра ма?

Аяғыңыз қай мезгілде ауырады?

Басыңызды қалай соғып алдыңыз?

Сіздің асықты жілігіңіз шытынаған. Сізде ашық сынық, тоқпан жілігіңіз көлденеңінен сынып кеткен. Ортан жілігіңіз жаншылып сынып кеткен. Сізде сынық жоқ, аяғыңыздың жұмсақ тіндерін қатты соғып алғансыз. Сіздің бас сүйегіңіздің жіктері ажыраған. Иық буыныңыз созылған.

Сыну, сынық – перелом

Жабық сынық (терісі жыртылмай сыну) – закрытый перелом

Ашық сынық – открытый перелом

Салдарлық сынық – вторичный

Қиғаш сынық – косой

Жаншылып сыну – компрессионный

Көпжаркыншақты – многоосколочный
Дұрыс бітпеген сынық – неправильно сросшийся
Көлденен сынық – поперечный
Туа болған сынық – внутриутробный
Уатылған – раздробленный
Орнынан жылжыған сынық – со смещением
Бітісіп кеткен сынық – сросшийся
Жылжу, ауытқу (омыртқаның ауытқуы, таюы) – смещение
Шытынау (сүйек шытынауы) – трещина
Буын таю (шығу) (буынның шала шығуы) – подвывих
Созылуы (иықбуын созылуы) – растяжение (плечевого сустава)
Байламдардың созылуы – растяжение связок
Жамбас түбегейі созылуы – растяжение тазового дна
Алшақтау, ажырау – расхождение
Сүйек сынықтарының бір-бірінен алшақтауы, ажырауы – расхождение отломки костей

Бассүйек жіктерінің ашылуы, ажырауы – расхождение черепных швов
Соғып алу, соғылған жер (жұмсақ тіндер соғылуы) – ушиб (ушиб мягких тканей)

Қысылу, қысылып қалу, қысып алу – ущемление

Қан ісік, қанды ісік – гематома [8].

Екінші берілген сұхбат тіл үйренуші үшін ең қажет жаттығу жұмысы, ойды қағаз бетіне сауатты дұрыс беріп, тілдік қатынасқа түсе білсе, тілдік құзыреттілігінің күнен-күнге артқанын көруге болады. Дәрігер мамандығының терминдері өте күрделі, қазіргі таңға дейін шешімін таппай жүрген мәселелі термин сөздер көп. Сондықтан оқытушы әр терминді үйреткенде тіркес сөздерде, сөйлемде, мәтіндерде мағыналық айырмашылықтарына мән бергізуі керек. Терминдердің қолданылу ерекшелігін Ахмет-Төре «Сақау терминдер сөйлейді» атты мақаласында мысалдармен кеңінен талдап көрсетеді.

Келесі «Адам ағзасы» атты тақырыпқа төмендегідей жаттығулар беруге болады. Жаттығуда термин сөздер беріп, білім алушылардың сыни ойлау қабілеттерін арттыру үшін мәтін құрату, әркім өз білім деңгейлерін қосымша ақпараттармен, өз көзқарастарымен құрастырады. Бұл жеке жаттығу жұмысы тілдік сөздік қорын байыта отырып, білім алушының мамандығына деген қызығушылығын, сыни ойлауын, ұзақ есте сақтау қабілетін дамытуға үлкен көмек етеді.

1-жаттығу. Сөздер мен суреттерді пайдаланып, шағын мәтін құраңыз.

Суреттегі сөздерді айтыңыз



Сурет 2

2-жаттығу. Тұжырымдардың дұрыс не қате екенін анықтап, түсіндіріңіз. Қан айналу жүйесі мүшелерге оттегі мен көмірқышқыл газын жеткізіп тұрады.

Тыныс алу жүйесі мүшелеріне мұрын, көмей, кеңірдек, өкпе, бронхтар жатады.

Бүйректе ас қорытылады.

Тірек-қимыл жүйесі қаңқа мен бұлшық еттен тұрады.

Қаңқа – денедегі бұлшық еттен құралған мықты тірек.

Адам бұлшық еттің көмегімен жүреді, жүгіреді, әр түрлі қимылдар жасайды.

Ас қорыту жүйесі мұрын қуысынан басталады.

Ас қорыту бездерінің әсерінен ас ішек-қарын жолында қорытылады.

Адам өмірі құрсақта даму, балалық шақ және ересектік шақ болып үш сатыға бөлінеді.

Ағзадағы барлық жүйелер арасында үздіксіз мәлімет алмасу жүріп жатады.

Адам өмірі тек қуаныш пен бақыттан тұрады.

Екінші жаттығуды жұппен берген дұрыс, өйткені әр сөйлемді оқи отырып, дұрыс не қате екенін дәлелдей алу, нақтылыққа, шешуші сөзі таба алу қасиеті қалыптасады. Қате сөйлемді дұрыс сөйлемге айналдыру, яғни қатені түзете білуге машықтанады. Сөйлемнің стильдік қателерін табу, сөйлемді түрлендіруге де (сөйлемді байланысу түрлеріне қарай меңгеріле, матаса, қыыса, қабыса, жанаса) жаттығады.

«Нәрестені күту»

1-жаттығу. Жағдаятты шешіңіз. Сіз бала дәрігерісіз.

Бала мазасызданып, шырылдап жылап қоймады. Кіндігін қараса жара қызарып, іріңдеп, жағымсыз иіс шығара бастапты. Анасы баланың шырылдап жылағанына қарап, мазасызданып кеткен. Сіздің іс-әрекетіңіз...

2-жаттығу. Суретті пайдаланып, жас анаға дәрігерлік кеңес айтыңыз (сурет беріледі).

Медицина оқу орнында оқитын білім алушылардың көбінесе клиникалық сабақтары CBL, TBL, PBL, проблемалық дәрістермен қамтылған. Тіл үйренушілерге де сабақ барысында TBL және CBL жұмыстары жүргізіліп тұрады. TBL топтық тест жұмысы, бірінші жеке тест шешу, екінші рет сол тесті топта шешу. Ал CBL жағдаяттық тапсырмалар. Жаттығу жұмыстарында жағдаяттық тапсырмалары ретінде беріп, білім алушының өз шешімін алу ұсынылады. Сабақ барысында менгерілетін сөздік қорды қолдана отырып, өзінің нақты дәрігер ретінде қандай әрекеттер, қандай шешімдер қабылдайтынын айтып түсіндіріп береді. Жаттығуды түрлендіріп, жеке, жұппен, топпен ұсынуға болады. Тілдік құзыреттіліктері ой, тұжырымдарын дәйектермен дәлелденген түрде айтуға қалыптастырады. Мысалы, науқастың өмірбаян анамезінен бастап нұсқаулықтағы дәрі мөлшеріне дейін.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, білім алушылардың тіл сабақтарында жаттығулар арқылы сауатты жазуға, сауатты сөйлей білуге, тілдік құзыреттіліктерін арттыруға мүмкіндіктері мол. Білім алушылардың тілдік құзыреттілікті арттыру үшін жаттығулар іріктеліп, әсіресе сұхбат, пікірталас, жағдаяттық түрде берілгені дұрыс. Тілдік белсенділікті, өз көзқарастарын дәлелдей білу, ақпараттармен алмаса алу, қосымша ақпаратты келтіре алу, топта талқылап, ортақ шешім қабылдай алуға жаттығатындай жаттығулар болуы қажет.

Алған білімдерін пысықтап, бекітеді, салыстыру, талдау, топтау, дәлелдеу дағдылары қалыптасады. Тілді меңгеруге қызығушылықтарымен қатар, шығармашылыққа ынталары арттады. Мамандыққа байланысты берілетін жаттығулар білім алушылар үшін қазақ тілін күнделікті қызмет бабында кәсіби қатынас құралы ретінде қолдана алуға, мамандыққа қатысты ісқағаздарын сауатты жазуға көмегі зор болып табылады.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Данилов, М. А.** Основы теории упражнений по иностранному языку. – М., 1975. – 518 с.

2 **Бим, И. А.** Теория и практика общения немецкому языку в средней школе. – М., 1988. – 255 с.

3 **Салистра, И. Д.** О некоторых методических терминах. «Иностр. язык в школе». – М., 1959.

4 **Күзекова, З.** Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері. – А., 2005.

- 5 **Жахина, Б. Б.** Тіл дамытуға арналған жаттығулар (лексика тарауы бойынша). – Алматы : «Білім», 2002. – 64 б.
6 <https://articlekz.com/kk/article/22970>. [Электронный ресурс].
7 <https://nao.kz/blogs/download/108>. [Электронный ресурс].
8 **Ахметов, М.** Медициналық терминдер сөздігі. – Алматы, 2009. – 38 б.
9 **Оразбаева, Ф.** Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, 2005. – 145 б.
10 **Доскеева, Б. Ж.** Қазақ тілі пәнінен тест тапсырмаларының жинағы. Жалпы медицина факультетіне арналған : оқу құралы / Б. Ж. Доскеева, Р. Н. Дәрменкүлова. – Алматы, 2015. – 218 б.
11 **Пассов, Е. И.** Основы коммуникативной методики обучения иноязычному обучению. – М. : Русский язык, 1989. – 276 с.

References

- 1 **Danilov, M. A.** Fundamentals of the theory of exercises in a foreign language. – M., 1975. – 518 p.
2 **Bim, I. A.** Theory and practice of communicating the German language in high school. – M., 1988. – 255 p.
3 **Silistra, I. D.** On some methodological terms. «Inostr. language at school». – M., 1959.
4 **Kuzekova, Z.** linguistic foundations of the theory of the textbook of the Kazakh language as a second language. – A., 2005.
5 **Zhakhina, B. B.** Exercises for language development (according to the vocabulary chapter). – Almaty : «Education», 2002. – 64 p.
6 <https://articlekz.com/kk/article/22970>. [Electronic resource].
7 <https://nao.kz/blogs/download/108>. [Electronic resource].
8 **Akhmetov, M.** Dictionary of medical terms. – Almaty, 2009. – 38 p.
9 **Orazbayeva, F.** Fundamentals of language communication. – Almaty, 2005. – 145 p.
10 **Doseeva, B. J.** Collection of test tasks on the Kazakh language. For the Faculty of general medicine : Textbook / Doskeeva B. Zh., Darmenkulova R. N. – Almaty, 2015. – 218 p.
11 **Passov, E. I.** Fundamentals of communicative methods of teaching foreign language training. – Moscow : Russian language, 1989. – 276 p.

Материал 15.12.20 баспаға түсті.

М. Д. Жорокпаева

Роль упражнений в обучении языку

Медицинский университет Семей,
Республика Казахстан, г. Семей.
Материал поступил в редакцию 15.12.20.

M. D. Zhorokpaeva

The role of exercises in language learning

Semey Medical University,
Republic of Kazakhstan, Semey.
Material received on 15.12.20.

В данной статье рассмотрено, что для формирования языковой компетенции обучающихся, выполнение упражнений является неотъемлемой частью каждого урока. Письмо является одним из четырёх основных видов речевой деятельности. Письмо – вид речевой деятельности, который связан с умением излагать информацию в письменной форме, т.е. умение написанную мысль, информацию, текст передать соблюдением орфографических норм. Умение правильно соотносить слова, словосочетания, предложения, четко излагать свои мысли. Выполнение упражнений в данном направлении является необходимым процессом в овладении языком, закрепляет полученные теоретические знания. Помогает правильно ответить на вопрос и свободно вступать в языковое общение.

В статье были названы теоретические выводы ученых относительно видов упражнений, дидактические требования. Упражнения можно проводить индивидуальные, парные, групповые, ситуационные. Предложены упражнения по специальности, которые способствуют критическому мышлению, повышению языковой компетентности будущего специалиста. Отмечается большое влияние на культуру речи обучающегося, способность поддержать разговор в деловом общении.

Опорные слова: слова, предложения, ответы на вопросы, решение ситуаций, выполнение, уровень, виды упражнений.

This article discusses that for the formation of the language competence of students, the implementation of exercises is an integral part of each lesson. Writing is one of the four main types of speech activity. Writing is a type of speech activity that is associated with the

ability to present information in writing, i.e. the ability to convey a written thought, information, text in compliance with spelling norms. Ability to correctly correlate words, phrases, sentences, to clearly express your thoughts. Performing exercises in this direction is a necessary process in mastering the language, consolidates the obtained theoretical knowledge. Helps to answer the question correctly and freely enter into linguistic communication.

The article named the theoretical conclusions of scientists regarding the types of exercises, didactic requirements. Exercises can be done individually, in pairs, in groups, and in situational. Exercises in the specialty that promote critical thinking, increase the language competence of the future specialist are proposed. There is a great influence on the culture of the student's speech, the ability to maintain a conversation in business communication.

Keywords: words, sentences, answers to questions, solving situations, performance, level, types of exercises.

Теруге 29.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 11.01.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,93 Mb RAM

Шартты баспа табағы 38,0.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3720

Сдано в набор 29.12.2020 г. Подписано в печать 11.01.2021 г.

Электронное издание

2,93 Mb RAM

Усл.п.л. 38,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3720

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz